ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 7 наурыз №7119-24-00-2/513 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.С.Искалиева, хатшылықта Ж.С.Демеуова отырып, ашық сот отырысында қойылған талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«РУ-Тайерс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану,
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор Б.С.Рашитова, талап қоюшының өкілі Т.А.Сағынтай, жауапкердің өкілі А.Ә.Сағал

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Талап қоюшы (Тапсырыс беруші) мен жауапкер (Өнім беруші) арасында «Бағалы ұсыныстарға сұраным» тәсілі бойынша жүзеге асырылған мемлекеттік сатып алу қорытындысы бойынша 2023 жылғы 14 ақпанда тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы жалпы сомасы 43 086 400 теңге шарт жасалған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың қолданыс мерзімі 2023 жылдың 31-желтоқсанына дейін.

Шартқа және шартқа жалғанған 1-қосымшаға сәйкес, Өнім беруші Тапсырыс берушінің 15 қараша 2023 жылы берілген өтінімі бойынша 16 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2023 жылдың 1-желтоқсанына дейін жалпы сомасы 11 718 000 теңге 15 дана арнайыланған кассета жеткізуге міндеттенген.

Құжатқа қол қойылған: Искалиева А. С., 15.03.2024
Заңды күшіне енген күні: 15.05.2024, судья Искалиева А. С., 25.05.2024
7119-24-3-1/102

Талап қоюшы, жауапкер тауарды белгіленген мерзімде жеткізбеді деп, соттан жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және 246 078 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талап арызды қолдап, тауардың жеткізілмеуінен радиофармпрепараттарының шығарылмай қалғанын көрсетті.

Жауапкердің өкілі сотта қойылған талаппен келіспей, тауар шет елде өндірілетін болғандықтан, оны 16 күн ішінде жеткізу мүмкін еместігін көрсетті.

Прокурор талап арыз қанағаттандырылуға жатады деген қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

1,2 талап бойынша

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабы 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» 2022 жылғы 21 сәуірдегі №4 Нормативтік қаулысының (бұдан әрі – НҚ) 8-тармағында түсіндірілгендей, мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы).

Анықталғандай, жауапкер жасалған шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған, тауарды жеткізбеген, осылайша шарттың талаптары жауапкердің тарапынан бұзылған.

Сот, талап қою заңда көрсетілген мерзімде берілгенін, өнім берушінің тауарды жеткізбеуіне байланысты Тапсырыс беруші үшін жағымсыз салдар пайда болғанын ескеріп, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға негіз бар деп есептеп, талап арызды қанағаттандырады.

Құжатқа қол қойылған: Искалиева А. С., 15.03.2024
Заңды күшіне енген күні: 15.05.2024, судья Искалиева А. С., 25.05.2024
7119-24-3-1/102

Талаптың тұрақсыздық айыбын өндіру туралы бөлігі де келесі негіздерде қанағаттандырылуға жатады.

АК-нің 293 бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады.

Шарттың 7.3 тармағына сәйкес, тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады) Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімақының) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10% артық болмауы тиіс.

АК-нің 359 бабы 2-тармағына сәйкес, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырған кезде міндеттемені орындамаған немесе тиісті дәрежеде орындамаған адам, егер бой бермейтін күштің, яғни осы жағдайлар кезіндегі төтенше және тойтаруға болмайтын мән-жайлардың (дүлей құбылыстар, соғыс қимылдары, төтенше жағдай және т.б.) салдарынан тиісті дәрежеде орындауға мүмкіндік болмағандығын дәлелдей алмаса, мүліктік жауаптылықты көтереді. Ондай мән-жайларға, атап айтқанда, міндеттемені орындау үшін қажетті тауарлардың, жұмыстардың немесе қызмет көрсетудің рынокта болмауы жатпайды.

Сотта анықталғандай, тауар Шартта бекітілген мерзімде Тапсырыс берушіге жеткізілмеген.

Талап қоюшының есебі бойынша тұрақсыздық айыбы 246 078 теңгені құрайды (11 718 000 х 0,1% х 21 күн (2023 жылдың 2-22 желтоқсан аралығы).

Аталған есепті сот дұрыс деп санайды.

Жауапкерді тұрақсыздық айыбын төлеуден босатуға негіз жоқ, себебі жауапкер тарапынан Шарттың талаптарын бұзу орын алған.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «РУ-Тайерс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып

Құжатқа қол қойылған: Искалиева А. С., 15.03.2024
Заңды күшіне енген күні: 15.05.2024, судья Искалиева А. С., 25.05.2024
7119-24-3-1/102

алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою арызы қанағаттандырылсын.

«РУ-Тайерс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«РУ-Тайерс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 246 078 (екі жүз қырық алты мың жетпіс сегіз) теңге тұрақсыздық айыбы және 7382 (жеті мың үш жүз сексен екі) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Шешімге Астана қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде берілуі мүмкін.

Судья **А.С.Искалиева**

Құжатқа қол қойылған: Искалиева А. С., 15.03.2024
Заңды күшіне енген күні: 15.05.2024, судья Искалиева А. С., 25.05.2024
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК» - Судопроизводство - - Сот өндірісі - «ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
7119-24-3-1/102